


**«МАРАТ ОСПАНОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН
МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

БЕКІТІЛДІ


**«Марат Оспанов атындағы Батыс
Қазақстан медицина университеті» КеАҚ
Басқармасының
2020 жылғы 03 - ақпандағы
№ 5 хаттама шешімімен**

**«МАРАТ ОСПАНОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН
МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ
АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ САЯСАТЫ**

Код	Басылым	Әзірлеген
С БҚМУ 23-21	Үшінші	Сулейменова Ж.Е.  <u>04. 02.</u> 2020 ж.

Ақтөбе, 2020



	<p align="center">«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ</p>	<p align="center">Күні: 04.02.2020</p>	<p align="center">Басылым: үшінші</p>
	<p align="center">Академиялық адалдық саясаты</p>	<p align="center">С БҚМУ 23-21</p>	<p align="center">7-беттің 2-беті</p>


1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. Осы академиялық адалдық саясаты»Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ (мұнан әрі – Қоғам) білім алушылары мен оқытушы-профессорлық құрамының академиялық адалдығының негізгі ұғымдары мен принциптерін анықтайды, білім беру үдерісіне барлық қатынасушылардың академиялық адалдықты сақтауы бойынша міндеттері мен құқықтарын: академиялық адалдықты бұзу түрлерін және оларды бұзған жағдайларда қолданылатын шаралар тәртібін орнықтырады.
- 1.2. Осы академиялық адалдық Саясаты Қоғамда академиялық адалдықты қамтамасыз ету бойынша қызметті реттейді.
- 1.3. Осы академиялық адалдық Саясатын жүзеге асыру бойынша міндеттер Қоғамның барлық білім алушылары мен ОПҚ жүктеледі.
- 1.4. Осы академиялық саясатты жүзеге асыру бойынша қызметтер білім беру үдерісінің барлық қатынасушыларына:
 - білім алушылар оқу қызметі барысындағы талаптарды сақтау мен өз мамандығының қажетті кәсіби құзіреттіліктерін меңгеруге ұмтылуға қатысты бөлімдерінің талаптарын сақтау;
 - ОПҚ білім беру үдерісінің сапасын қамтамасыз ету мен онда құқықтық және академиялық адалдық ережелерін бұзуға жол бермеу;
 - Қоғам басшылығына – академиялық адалдық Саясатының сақталуына қадағалау жүргізу мен мониторингті және құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша іс-шараларды жүзеге асыру;
 - Әкімшілік-басқарушылық және оқу-көмекші қызметкерлердің өздерінің байланыстарын академиялық адалдық принциптерін бұзу мақсатында пайдаланбау үшін жүктеледі.
- 1.5. Академиялық адалдық Саясаты төмендегідей ішкі нормативтік құжаттар негізінде әзірленген:
 - Қоғам Жарғысы;
 - «Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ Академиялық саясаты;

2. АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ САЯСАТЫ

- 2.1. Қоғамның барлық білім алушылары мен қызметкерлері академиялық адалдық саясатының жүзеге асырылуын қамтамасыз ету үшін қажетті төмендегідей принциптерді сақтауға міндетті:
 - Академиялық адалдық білім беру үдерісіне және зерттеу жұмыстарына әрбір қатынасушының өз елінің лайықты азаматы, таңдаған мамандығының кәсіби шебері болуға ұмтылыстарындағы ең өзекті құндылық болып табылатындығын білу;
 - Білім алушылар мен ОПҚ-ң академиялық адалдықтың айқын, әділетті және объективті стандарттарын, цитаталау мен мінез-құлық ережелерін орындау;
 - Білім алушыларға университеттегі оқу нәтижелерін әділетті және объективті бағалау жүйесі шеңберіндегі жоғары талаптар қою;
 - кадрларды даярлаудың дипломмен расталған сапасы үшін жауапкершілік;
 - оқытушының академиялық адалдық, өзара құрмет пен әділеттілік принциптері мен стандарттарын сіңіретін ментор ретіндегі жоғарғы жауапкершілік;
 - Академиялық адалдықтың университеттің барлық білім алушылары мен қызметкерлерінің бірлескен күшсалударының нәтижесі болып табылатындығы;
 - өзіне жүктелген міндеттерді адал орындау;
 - оқу үдерісінің жүру барысына кедергі жасап, өзгелерді оқытуға мүмкіндік бермейтін қандай да болмасын іс-әрекеттерге жол бермеу;



	«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ	Күні: 04.02.2020	Басылым: үшінші
	Академиялық адалдық саясаты	С БҚМУ 23-21	7-беттің 3-беті


- сыбайлас жемқорлыққа, құқықтық нормаларға, алдауға, оқытушылардың қызметкерлер мен өзге де тұлғаларды адастыруға әкелетін кез-келген іс-әрекетке қатынасуды лайықты емес іс деп санау;
- қандай да бір болмасын артықшылықтарды алу үшін жеке және туыстық байланыстарын пайдаланбау.

2.2. Барлық білім алушылар мен университет қызметкерлері өз жұмыстарының барысында академиялық адалдықтың негізгі ұстанымдарын білуі және адал емес іс-әрекеттерге жол бермеуі тиіс.

3. НЕГІЗГІ ТҮСІНІКТЕР

- 3.1. Академиялық адалдық –білім беру үдерісіндегі оқыту барысында жеке адалдық пен жауапкершіліктерді дамытатын білім алушылар мен ОПК-ң құндылықтары мен мінез-құлық принциптерінің жиынтығы.
- 3.2. Автоплагиат – өз жұмыстарын кеңінен цитаталау.
- 3.3. Академиялық бейадалдық – бақылау жұмыстарын, шығармаларды, емтихандарды, мәнжазбаларды, курстық, дипломдық, ғылыми-зерттеу жұмыстарын және т.б. орындаумен байланысты алдаулардың кез-келген түрі.
- 3.4. Академиялық адалдық – оқыту мен бағалау кезінде жеке ар-намысын дамытатын құндылықтардың (ұстанымдардың) жүйесі.
- 3.5. Адалдық - студенттердің бағаланатын және бағаланбайтын жұмыстарды адал, ұқыпты орындауы.
- 3.6. Қосар көшірме (дублирование) – түрлі аспектілердегі ағымдағы немесе қорытынды бақылауға бір жұмысты бірнеше мәрте ұсыну.
- 3.7. Өтірік – оқытушыға нақтыланбаған мәліметтерді беру.
- 3.8. Адал жүзеге асырылмаған практика – нәтижесінде білім алушы бір немесе бірнеше жұмыс түрлерін бағалау кезінде еңбегі сіңбеген/заңсыз артықшылық алатын не болмаса алуы мүмкін мінез-құлық немесе іс-әрекет.
- 3.9. Автор мен оның заңды құқылы мұрагерінің құқықтарын қорғауды жүзеге асыру –авторлық құқық объектісі болып табылатын шығармалардың авторлығын өзгелердің сөздерін, ойларын дұрыс беру және бағаланатын жұмыстарда ақпарат көздерін көрсету жолымен мойындау мен оларды қорғау.
- 3.10. Ашықтық – білім алушылар мен оқытушылар арасындағы тазалық, өзара сенімділік және ашық түрде ақпарат алмасу.
- 3.11. Плагиат – өзге автордың (адамның, ұжымның, ұйымның, қауымдастықтың немесе өзге автордың, оның ішінде аты-жөні беймәлім автордың да) жұмысын оның авторлығын көрсетпей (яғни, өз атынан) жариялау.
- 3.12. Сатып алу –тесттің дұрыс жауаптарын ақшалай қаражатқа, материалдық құндылықтарға және өзге де қызмет түрлері үшін алу.
- 3.13. Профессорлық-оқытушылық іс-әрекеттер – академиялық алаяқтық немесе білім алушылардың жұмыстарын әдейі-жалған түрде бағалау.
- 3.14. Теңдік – әрбір студенттің академиялық адалдық ережелерін сақтау бойынша міндеті және оларды бұзғандықтары үшін бірдей жауапкершілігі.
- 3.15. Саботаж – жұмыстың жасалуын әдейі бұзу. Оған кітапхана кітаптарының беттерін жыртып алу, өзге тәжірибелік (зертханалық) жұмыстарды әдейі бүлдіру де қамтылады.
- 3.16. Өзара келісім – екі немесе бірнеше тараптардың үшінші жаққа зиян келтіру мақсатында құпия келісімге келу.
- 3.17. Әдебиеттер/дереккөздер тізімі – жұмыста пайдаланылған дереккөздердің жұмыстың соңында алфавиттік тәртіппен берілген тізімі.
- 3.18. Көшіру – білім алушылардың оперативті, межелік және қорытынды бақылаулар, немесе қорытынды мемлекеттік аттестаттау кезінде пайдалануға тыйым салынған материалдарды



	<p align="center">«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ</p>	<p align="center">Күні: 04.02.2020</p>	<p align="center">Басылым: үшінші</p>
	<p align="center">Академиялық адалдық саясаты</p>	<p align="center">С БКМУ 23-21</p>	<p align="center">7-беттің 4-беті</p>


пайдалануы. Сондай-ақ, білім алушының кезінде жазбаша жұмысты орындауы кезінде қосымша құралдарды пайдалана отырып, оқытушы немесе емтихан қабылдаушы тұлға білмей қалатындай етіп көмек алуға деген талпынысы.

- 3.19. Сілтеме (reference) – жұмыста пайдаланылған дерек көзі туралы толық мәліметтер.
- 3.20. Мәліметтерді қолдан жасау (сфабрикованность) – жұмыста берілген мәліметтерді, ақпараттарды немесе дереккөздерге сілтемелерді бұрмалау (фальсификация).
- 3.21. Білім беру үдерісіне қатынасушылардың құпия келісімі – білім алушылардың және/немесе ОПК-ң материалдарды көшіріп басуға заңсыз ұсыну мақсатында өзара келісуі.
- 3.22. Білім алушылардың құқықтары мен міндеттерін құрметтеу – білім алушылардың пікірлері мен идеяларын еркін білдіру құқығы.
- 3.23. Бұрмалау (фальсификация) – айтылған ойлар мен берілген мәліметтерді арнайы өзгерту/ауыстыру (жасанды медициналық анықтама ұсыну; білім алушылардың оқу жетістіктерінің базасына рұқсат етілмеген қол жеткізу; оқу құжаттарын, мәліметтерді және есеп нәтижелерін қолдан жасау; электронды және қағаздық сынақ кітапшаларындағы бағаларды және қойылған қолдарды әдейі өзгерту; барлық деңгейлердегі жұмыстар мен құжаттардағы бағаларды түзету).
- 3.24. Цитата (quotation) – қандай да болмасын бір мәтіннен сөзбе-сөз үзінді келтіру немесе біреудің айтқанын сөзбе-сөз қайталап айту. Әдетте ол 50 сөзден аспауы тиіс.
- 3.25. Цитаталау (үзінді келтіру) – сілтеме (citation) – дереккөзге сілтеме, пайдаланылатын материал оның өз меншігі еместігін көрсету.
- 3.26. Адалдық – адамгершіліктің маңызды талаптарының бірін көрсететін моральдық қасиет.

4. АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ САЯСАТЫНЫҢ БІЛІМ АЛУШЫЛАР ТАРАПЫНАН БҰЗЫЛУ ТҮРЛЕРІ

- 4.1. Бағасын көтеру мақсатында оқытушыға пара беру.
- 4.2. Тесттің дұрыс жауаптарын ақшаға немесе сыйақыға сатып алу.
- 4.3. Білім алушылардың өзгелердің шығармашылық еңбегінің нәтижелерін өзгелерге өзін соның шынайы авторы ретінде көрсету жолымен мәліметтер беру арқылы жүретін заңсыз пайдалану: мәнжазбаланатын дереккөзіне сілтеменің болмауы; пайдаланылған дереккөздер ішінде сол деректің келтірілмеуі; өзге адамдар орындаған мәнжазбаларды, презентацияларды, мақалаларды, тәжірибелік мәліметтерді ұсыну (*плагиат*).
- 4.4. Тапсырманы немесе бақылау жұмысын көшіріп алу, өзгелерге тапсырманы немесе бақылау жұмысын көшіруге мүмкіндік беру.
- 4.5. Өзгенің еңбегінің нәтижелерін өз еңбегінің нәтижелері ретінде беру.
- 4.6. Өзін басқа білім алушы ретінде көрсетуі.
- 4.7. Тест, емтихан материалдарын, емтихан билеттерін, жағдаяттық есептерді, бақылау сұрақтарын, тестік бақылау сұрақтарын ұрлау, алмастыру және өзге білім алушылар арасына тарату.
- 4.8. Өзге қатынасушыларды адастыру мақсатында ұжымдық алдаудың түрлі формалары.
- 4.9. Ағымдық немесе қорытынды бағалау үшін бір жұмысты немесе оның бөліктерін бірнеше рет ұсыну.
- 4.10. Бақылау немесе емтихандық тапсырмаларды орындау кезінде оқытушының рұқсатынсыз шпаргалкаларды, алдын ала дайындалған жауап бланкілерін, оқулықтарды және өзге де дерек көздерін (түпдеректерді, карталарды, сызбаларды, кестелерді), компьютерді, планшетті, смартфонды, телефонды және/немесе өзге де техникалық/баспа құралдарын пайдалану.
- 4.11. Тәжірибелік мәліметтерді шатыстыру; тәжірибелік, сауалнамалар, есептерді нақты орындамай ақ жалған мәліметтерді ойлап табу.
- 4.12. Медициналық және өзге де құжаттарды бұрмалау немесе қолдан жасау.
- 4.13. Өзге білім алушының немесе оқытушының қолдарын өтірік қою.



	<p align="center">«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ</p>	<p align="center">Күні: 04.02.2020</p>	<p align="center">Басылым: үшінші</p>
	<p align="center">Академиялық адалдық саясаты</p>	<p align="center">С БҚМУ 23-21</p>	<p align="center">7-беттің 5-беті</p>

- 4.14. Бағаларды бұрмалау.
- 4.15. Бағаларын (балдарын) көтеру мақсатында оқытушылардың компьютерлеріне, Университеттің электрондық мәліметтер базаларына және өзге құжаттарына (журналдар, ведомостар және т.б.) өз бетімен (рұқсат етілмеген) қол жеткізу.
- 4.16. Белгіленген міндеттерін әдейі орындамау немесе немқұрайды орындау.
- 4.17. Білім алушылардың оқу үдерісіне өзге қатынасушылар тарапынан академиялық адалдық принциптерін бұзудың қатал фактілері туралы ақпаратты жасырып қалуы.
- 4.18. Автордың өзінің бұрын жарияланған еңбектерін қайталап жариялауы.


5. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ САЯСАТЫН БҰЗҒАНДЫҚТАРЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕРІ

- 5.1. Университет басшылығы ҚР заңнамасына сәйкес, төмендегі тәртіптік әсер етулерді қолдануға құқылы:
- сөгіс;
 - жеке ісіне енгізілген қатаң сөгіс;
 - университеттен шығару.
- 5.2. Академиялық адалдықты сақтамаудың барлық фактілері ресми тіркелуі тиіс.

6. АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ САЯСАТЫН ОПҚ ТАРАПЫНАН БҰЗУ ТҮРЛЕРІ

- 6.1. **Плагиат** – ОПҚ-ң өзгелердің шығармашылық еңбегінің нәтижелерін өзгелерге өзін соның шынайы авторы ретінде көрсету жолымен мәліметтер беру арқылы жүретін әдейі заңсыз пайдалану: мәнжазбаланатын дереккөзіне сілтеменің болмауы; пайдаланылған дереккөздер ішінде сол деректің келтірілмеуі; өзге адамдар орындаған мәнжазбаларды, презентацияларды, мақалаларды, тәжірибелік мәліметтерді ұсыну.
- Білім алушыларға емтихандар, бақылау жұмыстарын орындау кезінде көшіруге мүмкіндік беру;
 - Білім алушының жұмысын өзге бір білім алушының жұмысының нәтижесі ретінде ұсыну;
 - Межелік, аралық және қорытынды бақылау материалдарын (емтихан билеттерін, жағдаяттық есептерді, білімдерін бақылаудың тест тапсырмаларының сұрақтарын) тарату;
 - Дайын баяндамаларды, эсселерді, тапсырмаларды және өзге де академиялық жұмыстар түрлерін сату немесе сатуға көмектесу;
 - Бағаларды немесе тапсырма жауаптарын бұрмалау, академиялық жұмыстарға қойылатын қолдарды қолдан жасау, әдейі бұлдіру;
 - Түрлі формалардағы сыйақылар алу мен оны беруге бопсалау;
 - Қызметтік жағдайын пайдалана отырып, әріптестердің және өзге де тұлғалардың өтініштері бойынша бағаларды өзгерту немесе оған өзге қызметкерлерді мәжбүрлеу;
 - Қызметтік бабын пайдалануына байланысты түрлі сыйлықтар қабылдау;
 - Таратуға болмайтын қызметтік және өзге де ақпараттарды пайдалану;
 - Бағынышты қызметкерлерді және білім алушыларды қызметтік емес немесе жеке тапсырмаларын орындауға тартуға жол беру;
 - Өзіне белгілі болған сыбайлас жемқорлық фактілерін, сондай-ақ материалдарды тез арада қарап бергендігі үшін қандай да болмасын пайда табуға мәжбүрлеу туралы мәліметтерді жасыру;
 - Сыйақы алу мақсатында мәселелердің шешілуін әдейі кейінге қалдыру;
 - Қызметтік жағдайын әріптестер мен білім алушылардың қызметіне қызметтік емес сипаттағы мәселелерді шешу кезінде ықпал ету үшін пайдалану;
 - Авторлықты дұрыс анықтамау;
 - Ғылыми зерттеулер нәтижелерін бұрмалау;
 - Зерттеудің жаңашылдығының болмауы;
 - Ғылыми пікірталастардағы әділ болмау, қарсыласының ар-намысына тию;



	<p align="center">«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ</p>	<p align="center">Күні: 04.02.2020</p>	<p align="center">Басылым: үшінші</p>
	<p align="center">Академиялық адалдық саясаты</p>	<p align="center">С БҚМУ 23-21</p>	<p align="center">7-беттің 6-беті</p>

- Тәжірибелерді жүргізу, ғылыми теорияларды құру кезіндегі ғылыми бейадалдық;
- Сәтсіз тәжірибе жағдайында, онан кері әсер туған жағдайда өзінің жеке кәсіби жауапкершілігінен бас тарту;
- Ғылыми жұмысқа барынша аз үлес қосқан кезде қосар автордың құқықтарын сақтамау;
- Бұған дейінгі даяр ғылыми жұмыстар материалдарын тарату;
- Жеке мүдделерін, жеке жек көрушіліктерін басшылыққа ала отырып, жұмыстың ғылыми деңгейін төмендетуге бағытталған жетекшінің объективті емес ескертулері мен талап-тілектері;
- Ғылыми жұмыстың сапасына әсер етіп, жұмыстың деңгейін төмендететін пікір берудегі жеке мүдделер;
- Жұмыс мәліметтерін жариялау, оның мәліметтерін құзіреттіліктері жоқ үшінші бір тұлғаларға танысуға немесе талқылауға беру арқылы құпиялылықты сақтамау;
- Пікір берілетін жұмыстың қандай да бір болмасын өзге жұмыспен түбегейлі немесе ішінара ұқсастығына жол беру мен оған әдейі назар аудармау;
- Пікір берілетін жұмыс материалдарын жеке өз мүдделері үшін пайдалану;
- Автордың өзінің көлемді және формасы мен мазмұны бойынша ұқсас (немесе соған барабар) шығармаларын, олардың бұрын (немесе сонымен бір уақытта) жарияланғандығы көрсетілмеген шығармаларын қайталап жариялау.


7. ОПҚ-Ң АКАДЕМИЯЛЫҚ АДАЛДЫҚ САЯСАТЫН БҰЗҒАНДЫҚТАРЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕРІ

- 7.1. Академиялық адалдық ұстанымдарының университеттің барлық ОПҚ тарапынан қолданылуы және сақталуы тиіс. Оларды білмеу жауапкершіліктен босатпайды.
- 7.2. Академиялық адалдық ұстанымдары нормаларын бұзған ОПҚ-на университет басшылығы төмендегідей тәртіптік әсер етулерді қолдануға құқылы:
 - Сөгіс;
 - Жеке іс қағазына енгізілген қатаң сөгіс;
 - Еңбек келісім-шартын бұзу.
- 7.3. Тәртіптік әсер ету шараларын Тәртіптік кеңес анықтайды және олар қызметкердің жеке іс қағазында көрсетіледі. Жарияланған тәртіптік шара қызметкер назарына оның қол қоюы арқылы жеткізіледі.
- 7.4. Сыбайлас жемқорлықтар үшін жауапкершілік (пара, заңсыз материалдық сыйақы алу, беру, пара алудағы делдалдық) Қазақстан Республикасының әрекет етуші заңнамасымен қарастырылған.
- 7.5. Академиялық адалдықты сақтамаудың барлық фактілері ресми тіркелуі тиіс.

8. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 8.1. Академиялық адалдық саясатының Ережелерін Қоғамның барлық білім алушылары мен ОПҚ қолдануы және сақтауы міндетті
- 8.2. Академиялық саясат Ережелерін білмеу, оларды бұзғандықтары үшін жауапкершіліктен босатпайды.



	<p align="center">«Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті» КеАҚ</p>	<p align="center">Күні: 04.02.2020</p>	<p align="center">Басылым: үшінші</p>
	<p align="center">Академиялық адалдық саясаты</p>	<p align="center">С БҚМУ 23-21</p>	<p align="center">7-беттің 7-беті</p>

Қосымша А
(міндетті түрде)

Н ПРО БҚМУ 401-04-19

ТАНЫСТЫРУ ПАРАҒЫ

№	Тегі, аты-жөні, лауазымы	Жеке қолы	Күні	Ескерту

